

6. ТАҚЫРЫП. Қазақстан Республикасының салық жүйесі – 2 сағат.

Салықтық құқық деп, салық төлеуші мен мемлекет немесе мемлекеттік органдар арасында пайда болатын құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын айтамыз. Салықтық құқықтың пәнін осы салық салау саласындағы туындайтын қоғамтық қатынастар тобы. Салықтық құқық та басқа құқық тәрізді құқықтық реттеу әдістерінен тұрады. Олардың ішінде басты құқықтық реттеу әдіс – императивті, өктем әдіс болып табылады. Салықтық құқық қаржылық құқықтың бір бөлімі болғанымен, өзіне тән құқық жүйесін құрайды. Ғалымдардың тұжырымы бойынша салықтық құқықтық жүйесі жалпы және ерекше бөлімнен тұратын құқықтық институттардан тұрады. Салық тек мемлекеттік-өктем түрде белгіленген төлем. Салықтарды белгілеу және алу кезінде мемлекет салық төлеушілердің келісімін, ерік білдіруін қажет қылмайды. Салық – еріксіз төлем болып табылады. Салық төлеушілер мемлекеттің біржақты-өктем ерік білдіруінің нәтижесінде салықты еріксіз түрде төлеуге мәжбүр болады. Салық – меншік нысаны ауысатын төлем. Мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың меншігіндегі ақшалар мемлекет меншігіне айналады.

Салық туралы ұғым ерте заманнан қалыптасқан. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының “Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер” Салық кодексіне сәйкес, салық дегеніміз – мемлекеттік органмен қамтамасыз етілетін, бюджетке төленетін міндетті, қайтарымсыз ақшалай төлем. Салық кодексінде көзделгендей салықтың төғыз түрі бар, мысалға, жеке табыс салығы, корпорациялық табыс салығы, жер салығы, мүлік салығы, әлеуметтік салық, акциздер, т.б. салықтан басқа да міндетті төлемдер болады, атап айтатын болсақ: төлем ақылар, алымдар, баж және кедендік төлемдер.

Салық салу объектісіне байланысты салықтыр тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей салықтар, яғни жеке және заңды тұлғалардың табыстары мен мүліктеріне тікелей, нақты белгіленетін салықтар. Жанама салықтар тауарлардың бағасы мен көрсетілген қызметтердің тарифтері арқылы алынатын салықтар. Салықтар бақа да белгілерге байланысты жіктеледі.

Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілеріне:

- мемлекет;
- мемлекеттік органдар;
- заңды тұлғалар;
- жеке тұлғалар;

Аталған субъектілерді формасына, құқықтық жағдайына байланысты тағы да жіктеуге болады. Салықтық құқықтық қатынастарды субъектілердің арасында негізге субъект – салық төлеушілер болып табылады. Мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, экономикасының тұрақты болуы үшін салықтық құқықтық рөлі аса маңызды болып табылады.